

**HEDYSARUM THEINUM KRASNOB. ЖӘНЕ HEDYSARUM NEGLECTUM LEDEB.
(FABACEAE) ТҮРЛЕРІНІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Құсманғазинов Ә.Б., Қайырбеков Т.Қ.

Ғылыми жетекшісі: б.ғ.д., профессор Курманбаева Меруерт Сакеновна

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасы

e-mail: adil_06.1996@mail.ru

Күрделі химиялық құрамды халық медицинасында кеңінен қолданылатын өсімдіктерді биоалуантүрлілікті сақтау мақсатында зерттеу өзекті. Халық медицинасында *Hedysarum L.* туысының екі түрі шай тиынтақ пен ұмытылған тиынтақ жиі қолданылады. Емдік қасиеттерінің құндылығы және шикізат қорының мол болуы медициналық-биологиялық зерттеулерді жүргізуге мүмкіндік туғызады.

Hedysarum бұршақ тұқымдасының түрлерге бай маңызды туысы. Қазақстан флорасында *Hedysarum* туысының 38 түрі кездеседі. Осы түрлердің көпшілігі далалық және шөлдік зонаның өкілдері болып табылады. Санаулы түрлері ғана биік тау зоналарында, альпілік және субальпілік белдеулерде өседі. Биік тауларда кездесетін *Hedysarum theinum* Krasnob. және *H.neglectum* Ledeb. көптеген ауруларға қарсы шипалық қасиетке ие. Соңғы жылдары антропогендік факторлардың әсерінен дәрілік өсімдіктер саны шектен тыс қолданылуда, ол ресурстық тапшылыққа алып келуі ықтимал. Бұл процесс жалғаса беретін болса, осы түрлердің жойылып кету қаупі де бар. Сондықтан, *H. theinum* түрін V санат бойынша Қазақстанның Қызыл кітабына енгізу туралы ұсыныстар түсуде.

H. theinum түрі Шығыс Қазақстан облысы Иванов жотасынан жиналып, гербарий жасалды. *H. neglectum* өсімдігі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының гербарий қорынан және Ботаника және фитоинтродукция институты гербарий қорынан зерттелді. Морфологиялық құрылысы бойынша айырмашылықтары мен ерекшеліктері осы 2 түрдің кеппешөптерімен жұмыс жасау барысында айқындалды.

Шай тиынтағы (*H. theinum*) – 1985 жылы биохимиялық және морфологиялық айырмашылықтары бойынша *H.neglectum* түрінен жеке түр ретінде бөлініп шықты. Бірақ осы түрді *H.neglectum* түрімен алмастыру жиі кездеседі. Оның тамыры өте жуан, диаметрі 10 см-ге дейін жетеді, ал тамыр 1,5 м тереңдікке дейін жетуі мүмкін. Сонымен қатар, тамыры қалың талшықтардан тұрады. Тамырының ішкі бөлігі ақ, кепкен кезде қызыл түске боялады. Сол себепті, халық медицинасында қызыл тамыр деген атпен белгілі. Бір тамырдан 20 сабаққа дейін өседі және олар 1,5 м биіктікке дейін жете алады. Гүлдері қанық таңқурай түсті, гүлшоғыры тиынтақтың басқа түріне қарағанда ұзынырақ.

Ұмытылған тиынтақ (*H.neglectum*) – тамыры жуан, диаметрі 3-8 см, тамырдың қабығы қою-қоңыр түсті. Сабақтары көп, 60-90 см биіктікке дейін өседі. Гүлдерінің түсі қызғылт-қоңыр түсті болып келеді.

H. theinum және *H.neglectum* түрлері морфологиялық құрылысы бойынша өте ұқсас болып келеді. Екі түрдің де тамырының ішкі бөлігі ақ, кепкен кезде шай тиынтағы қызыл түске боялады, ал ұмытылған тиынтақта қызғылт түс реңі байқалады. Емдік қасиеті бар маңызды екі түрдің айырмашылығын нақтылау үшін болашақта анатомиялық, фитохимиялық және молекулалық-генетикалық тұрғыдан зерттеу мәселесі туындайды.